

Сайрам ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу мен жинақталу нормаларын, тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге, кәдеге жаратуға, қайта өңдеуге және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы

Күшін жойған

Түркістан облысы Сайрам аудандық мәслихатының 2019 жылғы 2 мамырдағы № 40-257/VI шешімі. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 14 мамырда № 5050 болып тіркелді. Күші жойылды - Түркістан облысы Сайрам аудандық мәслихатының 2023 жылғы 16 мамырдағы № 2-18/VIII шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Түркістан облысы Сайрам аудандық мәслихатының 16.05.2023 № 2-18/VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық кодексінің 19-1 бабының 1) және 2) тармақшаларына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабының 1 тармағының 15) тармақшасына, "Коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын есептеудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 25 қарашадағы № 145 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10030 тіркелген) және "Тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге, кәдеге жаратуға, қайта өңдеуге және көмуге арналған тарифті есептеу әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2016 жылғы 1 қыркүйектегі № 404 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14285 тіркелген) сәйкес, Сайрам аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Сайрам ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары осы шешімнің 1 қосымшасына сәйкес бекітілсін.
2. Сайрам ауданы бойынша тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге, кәдеге жаратуға, қайта өңдеуге және көмуге арналған тарифтер осы шешімнің 2 қосымшасына сәйкес бекітілсін.
3. Сайрам аудандық мәслихатының 2017 жылғы 28 желтоқсандағы № 23-160/VI "Ақсукеңт ауылдық округі бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу мен жинақталу нормаларын, тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге, кәдеге жаратуға, қайта өңдеуге және көмуге арналған тарифтерін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді тіркеу тізілімінде № 4411 болып тіркелген, 2018

жылы 16 наурызында "Мәртөбе" газетінде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

4. "Сайрам аудандық мәслихат аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімнің аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы мәслихат шешімі мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін қағаз және электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін жолданылуын;

3) ресми жарияланғаннан кейін осы шешімді Сайрам аудандық мәслихаттың интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

5. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Аудандық мәслихаттың хатшысы

Ф. Аликулов

Ж. Сүлейменов

Сайрам аудандық мәслихатының

2019 жылғы 2 мамырдағы

№ 40-257/VI шешіміне 1-қосымша

Сайрам ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары

№	Коммуналдық қалдықтар жинақталатын объектілер	Есептік бірлік	Жылдық жинақталу нормасы, м ³
1	Жайлы және жайлы емес үйлер	1 тұрғын	1,575 айына 1,5 айына
2	Жатақханалар, интернаттар, балалар үйлері, қарттар үйлері және сол сияқтылар	1 орын	1,62
3	Қонақ үйлер, санаторийлер, демалыс үйлері	1 орын	1,2
4	Балабақшалар, бөбекжайлар	1 орын	0,53
5	Мекемелер, ұйымдар, офистер, кеңселер, жинақ банктері, байланыс бөлімшелері	1 қызметкер	0,83
6	Емханалар	1 келіп кету	0,018
7	Ауруханалар, өзге де емдеу-сауықтыру мекемелері	1 төсек-орын	0,63

8	Мектептер және өзге де оқу орындары	Оқушы	0,27
9	Мейрамханалар, дәмханалар, қоғамдық тамақтану мекемелері	1 отыратын орын	1,2
10	Театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, түнгі клубтар, ойын автоматтарының залдары	1 отыратын орын	0,04
11	Мұражайлар, көрмелер	Жалпы алаңы 1 м ²	0,08
12	Стадиондар, спорт алаңдары	Жоба бойынша 1 орын	0,08
13	Спорт, би және ойын залдары	Жалпы алаңы 1 м ²	0,04
14	Азық-түлік, өнеркәсіптік тауар дүкендері, супермаркеттер	Сауда алаңы 1 м ²	1,1
15	Машиналардан сату	Сауда орны 1 м ²	0,28
16	Базарлар, сауда павильондары, дүңгіршектер, сөрелер	Сауда алаңы 1 м ²	0,31
17	Азық-түлік тауарларының көтерме базалары, қоймалары	Жалпы алаңы 1 м ²	0,18
18	Өнеркәсіптік тауарлардың көтерме базалары, қоймалары	Жалпы алаңы 1 м ²	0,13
19	Тұрмыстық қызмет көрсету үйі, халыққа қызмет көрсету	Жалпы алаңы 1 м ²	0,36
20	Вокзалдар, автовокзалдар, әуежайлар	Жалпы алаңы 1 м ²	0,21
21	Жағажайлар	Жалпы алаңы 1 м ²	0,12
22	Дәріханалар	Сауда алаңы 1 м ²	0,43
23	Автотұрақтар, автомобильді жуу орындары, АЖС, гараждар	1 машина-орын	1,75
24	Автомобиль шеберханалары	1 жұмысшы	2,6
25	Гараж кооперативтері	1 гаражға	-
26	Шаштараздар, косметикалық салондар	1 жұмыс орны	2,3
27	Кір жуатын орындар, химиялық тазалау орындары, тұрмыстық техниканы жөндеу орындары, тігін ательесі	Жалпы алаңы 1 м ²	0,1

28	Зергерлік, аяқ киімді, сағаттарды жөндеу шеберханалары	Жалпы алаңы 1 м ²	0,23
29	Жөндеу және қызмет көрсету орындары (кілттер жасау және сол сияқтылар)	1 жұмыс орны	0,13
30	Моншалар, сауналар	Жалпы алаңы 1 м ²	0,06
31	Ауданның аумағында жаппай іс-шаралар ұйымдастыратын заңды ұйымдар	1000 қатысушы	0,003
32	Бау-бақша кооперативтері	1 учаске	-

Сайрам аудандық мәслихатының
2019 жылғы 2 мамырдағы
№ 40-257/VI шешіміне 2-қосымша

Сайрам ауданы бойынша тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге, кәдеге жаратуға, қайта өңдеуге және көмуге арналған тарифтері

р/с №	Атауы	Есептік бірлік	Баға, теңгемен
1	Тұрмыстық қатты қалдықтарды жинау және әкету тарифтері		
1.1	Жайлы үйлер	1 тұрғын	105,09
1.2	Жабдықталмаған үйлер	1 тұрғын	100,47
1.3	Заңды тұлғалар	1 текше метр (ҚҚС қоспағанда)	627,95
2	Тұрмыстық қатты қалдықтарды көму және кәдеге жарату тарифтері	1 текше метр (ҚҚС қоспағанда)	164,7
3	Тұрмыстық қатты қалдықтарды қайта өңдеуге арналған тарифтері	1 текше метр (ҚҚС қоспағанда)	65,65